



БҰЙРЫҚ

№ 2023 ж. 03.05.
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 12
город Астана

**О внесении изменений и дополнений
в Устав акционерного общества
«Национальная компания «Kazakh Tourism»**

В соответствии с пунктом 5 статьи 35, подпунктом 1) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», подпунктом 1) пункта 2 статьи 177 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», подпунктом 1) пункта 60 Устава акционерного общества «Национальная компания «Kazakh Tourism» и письмом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан № КГИП-02-КГ/3606 от 12 апреля 2023 года, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Внести в приказ председателя Комитета индустрии туризма Министерства культуры и спорта Республики Казахстан от 12 апреля 2018 года № 13 «Об утверждении устава акционерного общества «Национальная компания «Kazakh Tourism» в новой редакции» следующие изменения и дополнения:

в Уставе акционерного общества «Национальная компания «Kazakh Tourism» утвержденного указанным приказом:

пункт 5 изложить в следующей редакции:

«5. Местонахождение исполнительного органа Общества:

Республика Казахстан, город Астана, район Есиль, пр. Мәңгілік Ел, дом 55/14.»;

в пункте 65:

подпункты 1), 2) и 3) изложить в следующей редакции:

«1) определение приоритетных направлений деятельности Общества, а также Плана развития Общества в определенных сферах его деятельности, за исключением Плана развития, утверждение которого отнесено к компетенции Правительства Республики Казахстан;

2) утверждение Плана мероприятий, а также внесение изменений и дополнений в него;

3) мониторинг исполнения ключевых показателей деятельности Плана мероприятий, рассмотрение по итогам года отчетов по исполнению Плана мероприятий;»;

дополнить подпунктами 25-1), 25-2) следующего содержания:

«25-1) определение количественного состава, срока полномочий, порядка работы централизованной службы по контролю за закупками, назначения и прекращения полномочий ее руководителя и работников, определения размера и иных условий оплаты труда ее работников;»;

25-2) определение количественного состава, срока полномочий, порядка работы антикоррупционной комплаенс-службы, назначения и прекращения полномочий ее руководителя и работников, определения размера и иных условий оплаты труда ее работников;»;

дополнить пунктом 75-1 следующего содержания:

«75-1. Члены Совета директоров Общества не могут занимать должности в советах директоров и исполнительных органах организаций, виды деятельности которых конкурируют/могут конкурировать с видами деятельности Общества.»;

подпункт 2) пункта 90 изложить в следующей редакции:

«2) заключает от имени Общества с Председателем Правления трудовой договор, предусматривающий прямую зависимость материального поощрения и ответственности Председателя Правления от результатов деятельности и выполнения Плана мероприятий;»;

в пункте 121:

подпункт 1) изложить в следующей редакции:

«1) обеспечивает разработку и представляет Совету директоров на утверждение согласованный с уполномоченным органом соответствующей отрасли проект плана мероприятий, корректировки утвержденного плана мероприятий, а также отчеты о его исполнении;»;

дополнить подпунктом 4-1) следующего содержания:

«4-1) ежегодно, не позднее 30 апреля года, следующего за отчетным, отчитывается перед Советом директоров о результатах финансово-хозяйственной деятельности Общества с последующим размещением отчета на веб-сайте Общества;»;

дополнить пунктом 121-1 следующего содержания:

«121-1. Решения Правления могут приниматься посредством очной, заочной и смешанной формы голосования, при этом количество заседаний с заочной и смешанной формой голосования должно быть минимизировано. Рассмотрение и принятие решений по вопросам важного и стратегического характера осуществляется только на заседаниях Правления с очной формой голосования.

Не допускается проведение заседания Правления в заочной или смешанной форме при рассмотрении вопросов, предусмотренных подпунктами 1), 6), 7), 8) пункта 121 настоящего Устава.»;

подпункт 11) пункта 134 изложить в следующей редакции:

«11) отчитывается перед Советом директоров в соответствии с законодательством Республики Казахстан и Уставом Общества;»;
пункт 138 исключить.

2. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

3. Настоящий приказ является решением Единственного акционера акционерного общества «Национальная компания «Kazakh Tourism» и вступает в силу со дня его подписания.

**Председатель
Комитета индустрии туризма
Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан**



Д. Рыспеков



БҰЙРЫҚ

№ 2023 нс. 03.05
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 12
город Астана

**«Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының Жарғысына
өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағы, 36-бабының 1-тармағының 1) тармақшасы, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 177-бабының 2-тармағының 1) тармақшасы, «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 60-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № КГИП-02-КГ/3606 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитеті төрағасының 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 13 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.»;

65-тармақта:

1), 2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бекітілуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылған Даму жоспарын қоспағанда, Қоғам қызметінің басым бағыттарын, сондай-ақ Қоғам қызметінің белгілі бір салаларындағы даму жоспарын айқындау;

2) Іс-шаралар жоспарын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Іс-шаралар жоспары қызметінің түйінді көрсеткіштерінің орындалуына мониторинг жүргізу, Іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша есептерді жыл қорытындылары бойынша қарау;»;

мынадай мазмұндағы 25-1), 25-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«25-1) сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның басшысы мен жұмыскерлерінің өкілеттіктерін тағайындау және тоқтату, оның жұмыскерлеріне еңбекақы төлеудің мөлшері мен өзге де шарттарын айқындау;

25-2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін, оның басшысы мен жұмыскерлерінің өкілеттіктерін тағайындау және тоқтату, оның жұмыскерлеріне еңбекақы төлеудің мөлшері мен өзге де шарттарын айқындау;»;

мынадай мазмұндағы 75-1-тармақпен толықтырылсын:

«75-1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қызметінің түрлері Қоғам қызметінің түрлерімен бәсекелесетін/бәсекелесе алатын ұйымдардың директорлар кеңестерінде және атқарушы органдарында лауазымдарды атқара алмайды.»;

90-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Басқарма төрағасының материалдық көтермелеуі мен жауапкершілігінің қызмет нәтижелеріне және Іс-шаралар жоспарын орындауға тікелей тәуелділігін көздейтін, Басқарма төрағасымен Қоғамның атынан еңбек шартын жасасады;»;

121-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген іс-шаралар жоспарының жобасын, бекітілген іс-шаралар жоспарын түзетуді, сондай-ақ оның орындалуы туралы есептерді әзірлеуді қамтамасыз етеді және директорлар Кеңесіне бекітуге ұсынады;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей, есепті кейіннен Қоғамның веб-сайтында орналастыра отырып, Директорлар кеңесінің алдына Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп береді;»;

мынадай мазмұндағы 121-1-тармақпен толықтырылсын:

«121-1. Басқарма шешімдері дауыс берудің күндізгі, сырттай және аралас нысаны арқылы қабылдануы мүмкін, бұл ретте сырттай және аралас дауыс беру нысаны бар отырыстардың саны барынша азайтылуға тиіс. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау дауыс берудің күндізгі нысанымен Басқарма отырыстарында ғана жүзеге асырылады.

Осы Жарғының 121-тармағының 1), 6), 7), 8) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кезінде Басқарма отырысын сырттай немесе аралас нысанда өткізуге жол берілмейді.»;

134-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің алдында есеп береді;»;

138-тармақ алып тасталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы бұйрық «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Туризм индустриясы комитетінің
төрағасы**



Д. Рыспеков